

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі		№30				
Күндері		04.04 - 08.04.2022				
Өтпелі тақырыптың атауы		Жер-Ана! / Родная земля / Homeland				
Мекеменің атауы, тобы		Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы				
Педагогтің аты-жөні		Байсакалова.Ш.Ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	
Күн тәртібі						
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру. Әңгімелесу: "Баланы қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалырымен таныстырудың маңызы", "Баланың сұрақтарына, қажеттеріне құлақ асу қажет пе?", "Баланың мінезіндегі жаңа қылықтары нені білдіреді?"					
Ата-аналармен әңгімелесу.						
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындары сөресінің шаңын сұртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").	

Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Ойын-имитация (қимыл жаттығуы) "Ортеке" . Мақсаты. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Құралдар: ортеке суреті немесе ойыншығы. "Ортеке" . - Аты шыққан биімен Мен боламын - ортеке, Ойқастаған ортеке, Қой бастаған ер теке, Мен бір билеп берейін, Тұяқтарым сыртылдап, Буындарым былқылдап ... Шона Смаханұлы	Өтеш (қораз) ойыншығымен ойнату. Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру. Құралдар: қораз ойыншығы немесе суреті. - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. Д. Ахметова	Ойын-имитация (қимыл жаттығуы) "Түйелер" . Мақсаты. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Құралдар: түйенің суреті немесе ойыншығы. "Түйелер" . Өркештерін май басқан, Аяқтарын паң басқан. Ащы қуып, жайылып, Бетегелі белді асқан. Әнес Нарымбетов	Саусақ жаттығуы. Мақсаты. Балалардың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. "Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)" - Бармақтай балғын! Сен қайда бардың? - Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем, Мына бауырыммен Ән салдым кеште. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Шай ішуге шақырамын" . Мақсаты. Балаларға мысық, күшік, тауық сияқты жануарлар мен құстарды шақыратын сөздерді айтқызып, олардың жағымды эмоцияларын дамыту, тілін жаттықтыру; үй жануарларының адамның жанында болатыны туралы ұғымдарын қалыптастыру. - Шай ішуге шақырамын Қош келдіңдер, қонақтарым! Кел, кел, мысық, Кел, кел, күшік, Кел, кел, тауық, Орын дайын. Мысық, кіс-кіс, Күшік, кө-кө, Тауық, шиип-шиип, Шайым дайын. Мысыққа қаймақ, Күшікке жілік, Тауыққа бидай. Ал кім ішеді шай? Д. Ахметова
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. - Дастарханның әдемісін-ай, Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай. Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай ...				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бөсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Сәлем саған, туған жер! Сәлем саған, туған ел! Сәлем тобым! Сәлем, досым! Сәлем, көркем! Сәлем, көктем!				

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Құлыншаққа шарбақ". Мақсаты. Балаларды суретке арналған қағаз бетін бағдарлай отырып, мазмұнды сурет объектілерінің бірі болатын құлыншақтың бейнесін байқап, оның алдында көлденең созылған екі таяқшаны тігінен қысқа сызықтарға, "шарбақтарға", бормен салып толтыруға үйрету; сызықтарды сол жақ шеттен оңға қарай, аяғына дейін, жоғарыдан төменге, таяқшаларға тигізіп салып шығуға жаттықтыру; сызықтарды бірыңғай қимылмен сол жақтан оңға қарай жүргізіп отыруға дағдыландыру; бордан қалған іздерінің "шарбақ таяқшаларының" бағытын байқап, келесі жерге ауыса білу қабілетіне баулу; үй жануарларына көктемде жасалатын қамқорлық туралы түсінік беру. Дене шынықтыру. "Еңбектейміз ерінбей!" Мақсаты. Балаларды төрт тағандап доғадан еңбектеп өтуге жаттықтыру; еңбектеу кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтау ікемділігіне машықтандыру; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын меңгерту. Балалардың төрт тағандап доғадан еңбектеп өту қабілетін дамыту; төрт тағандап доғадан еңбектеу кезінде денені тепе-теңдікте ұстай білу дағдыларын меңгерту; жоғары секіруде қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; еңбектеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету. "Аю" қимыл ойыны.	Көркем әдебиет. "Құлыншақ". Мақсаты. Балаларды М. Жаманбалиновтың "Құлыншақ" өлеңін педагогтің соңынан қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп айтуға талпындыру; шығарма мазмұнындағы сөздер мағынасын түсінуге үйрету; үй жануары – құлынның қозғалу ерекшелігін ажыратуға және қимылмен қайталауға машықтау. "Атқа мініп, шабайық" ойын рефлексиясы. Музыка. "Жер-Ана, кең дала!" Мақсаты. Балаларды М. Жаманбалиновтың "Құлыншақ" өлеңін педагогтің соңынан қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп айтуға талпындыру; шығарма мазмұнындағы сөздер мағынасын түсінуге үйрету; үй жануары – құлынның қозғалу ерекшелігін ажыратуға және қимылмен қайталауға машықтау. "Төлдің енесін тап" ойыны.	Құрастыру. "Құс ұясы". Мақсаты. Балаларды "құс ұясын" құрастыруда "қорап", "үйшік" жасауды еске түсіріп, құрастыру амалдарын қолдануға үйрету; призманы шатыр түрінде қолдануды меңгерту; педагогтің әдістеріне және үлгіге сай құрылыс нысанын жасауға дағдыландыру; құстардың тіршілігі туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту. <i>Құрылыс нәтижесімен ойнату. "Құстарды ұясына кіргізейік".</i> Дене шынықтыру. "Еңбек түбі - береке". Мақсаты. Балаларды қолдарындағы гүлдерімен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, гүлдерін жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру іскерліктерін дамыту; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын жетілдіру; доғадан төрт тағандап еңбектеп өту кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, епті болуға тәрбиелеу. "Күн мен жаңбыр" қимыл ойыны.	Жаратылыстану. "Жылқы мен құлын". Мақсаты. Балаларға үй жануары жылқы мен құлынның тіршілігі және олардың адам өмірінде алатын орны туралы жалпы түсінік беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап көрсетуге машықтау, сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауға үйрету. "Құлыншаққа күртеше" шығармашылық рефлексиясы. Дене шынықтыру. "Еңбек етсең емерсің". Мақсаты. Балаларды қолдарындағы орамалдарымен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, орамалдарын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын қорытындылау; оқу қызметін пысықтау. "Кім жылдам?" қимыл ойыны.	Музыка. "Жер-Ана". Мақсаты. Балалардың өннің сипаты мен сөздік мағынасын түсініп, музыкалық фрагментті мұқият тыңдай білу қабілеттерін дамыту; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру. "Сиқырлы текше" дидактикалық ойыны.
--------------------------------------	---	--	--	---	---

Серуен	Адамның жүру және секіру қимылдарын бақылау. Мақсаты. Балалардың назарын адамның жүруі және секіруінің қимыл ерекшеліктеріне аударту; қимылды жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. - Кел, балақай, қатарға, Біз шығамыз сапарға. Сап түзеп, алға жүріп, Көңілді шапалақ соғып. - Алақай! Алақай! - Балалар, біз қазір қандай қимылдар жасадық? Педагог сұрақ қойған сайын, қимыл үлгісін көрсетіп жатады. - Жарайсыңдар! Біз алдымен жүрдік, одан кейін секірдік. - Біз бір аяқпен секірдік пе? - Біз екі аяқпен секірдік. Жарайсыңдар! - Олай болса, жүріп те секірейікші. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Құлыншақтар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; сигнал бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға құлыншақтың суретімен қалташаларды үлестіреді. - Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы. - Құлыншақ шабады. Қараңдаршы. Педагог құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды. - Жарайсыңдар! - Ал, енді менің соңымнан тақпақты қайталап, құлыншақтай шауып көрейік. "Құлыншақ". - Құлын, құлын, құлыншақ, Желкілдейді тұлымшақ. Маңдайында жұлдызы, Құйрығында құндызы. М. Жаманбалинов "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. Мақсаты балаларды сапға түзу сызық	Ағаштарды бақылау. Мақсаты. Балалардың ағаштар құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. "Желектер". Желде тұрған желектер (алақандарды ашып, саусақтарды тікірейту) Діңгегімен қоса теңселер, (қолдарды шынтаққа қойып, шайқау) Бұталарды шайқайды, (қолдарымен оң-солға бұлғау) Жапырақпен ойнайды. (саусақтарымен жыбырлату) Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Кірпі" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды кірпі туралы тақпақты тыңдап, жағымды эмоцияларға бөленіп, кірпіге еліктей білуге баулу. Педагог кірпі ойыншығын не суретін көрсетеді. - Балалар, бұл не? - Бұл кірпі, жарайсыңдар! - Кірпі, сен қайдан келесің? Қандай қоректі іздейсің? Пысылдайсың, пысылдайсың, Тоқтамайсың, тоқтамайсың. Д. Ахметова - Қанекей, кірпі ұқсап, мына жатқан жолдармен асықпай жүгірейік. Педагог балаларды алаңның түрлі бағыттарына балаларды ертіп, асықтырмай жүгіртеді. "Аюдың орманында" қимылды жаттығу. Мақсаты: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.	Қоян ойыншығын бақылау. Мақсаты. Балалардың көңілін қоянның сұр терісінің түсінің басқа түске өзгеру құбылысына аудару, қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы ұғымдарын бекіту; айтылған көркем сөздерді естіп, қоянның қимылының соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту. Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады. - Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не? - Жарайсыңдар, бұл қоян. - Қоянның ұзын құлақтары бар. - Қоян құлықтарымен қалай қимылдайтынын көрсетейікші. - Қоян қалай секіретінін көрсетейікші. Жарайсыңдар! - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар! - Қараңдаршы, қоян, бізді ойынға шақырады. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. Мақсаты. Балалардың шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. "Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. Мақсаты: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	Топырақты бақылау. Мақсаты. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүргенді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсетуі мүмкін. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. - Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды? Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық өдетін дамыту. "Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды сигналмен қозғалу өдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар үшін "тышқандардың інін" белгілеп қояды. - Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып та ойнайды. - Тышқандай қалай жүгіріп ойнады? Көрсетейікші. Тамаша. - Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық шықса, тышқандар інге жүгіріп, тығылады. - Қанекей, орындарымызға барып, отырайықшы. Педагог көркем сөзді қолданады. - Тышқандар інге сыймайды, Тесіктерден сығалайды. Ешкім жоқ болса олар Аулаға шығып ойнайды. Ай-ай-ай! Тышқандар-ай, Жақындайды мысықай! Шеңберден асыңдар, Қашыңдар! Д. Ахметова Соңғы сөздерді айтқанда, педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек. Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін. "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.	Желді бақылау. Мақсаты. Балаларды, бұтақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, ағаштарға қараңдаршы. - Бұтақтары шайқала ма? - Бұтақтары шайқалғаны нені білдіреді? - Иә, жел соғып тұр. - Жарайсыңдар. "Көктем тойын бастады". Төнді балқып күн қызып, Жылу алды күстен жер Қардың астын су бұзып, Есті жылы өкпек жел. М. Жаманбалинов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдауға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру. Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді. - Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды. Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді. - Қанекей, қайталайықшы. Жарайсыңдар. - Ал, күшік қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші. - Жарайсыңдар. - Балапандар, балпаңдаңдар! Басқа балапандардан қалмандар! Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз: Қаңқ-қаңқ-қаңқ! Қаңқ-қаңқ-қаңқ! Ал күшігім жүгіреді, - Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді. - Сен, күшігім, соқтықпа! Үйректерді қорқытпа! Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі атқарады. Балалар жан-жаққа қашады. Соңғы сөздер айтылғанда бір жерге жиналады. "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу
--------	--	--	--	--	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Қошақан" атты мультфильмін көру. Мақсаты. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.	Ойын-имитация. "Құлыншақ". Мақсаты. Балаларды көркем сөздің ырғағына сай қимылдауға, құлыншақтардың қимылдарына еліктей білуге ынталандыру; үй жануарларының төлдері жайында ұғымдар қалыптастыру: түйсікті, жағымды эмоцияларды дамыту; әлеуметтік қатынастарды қалыптастыру, достыққа тәрбиелеу. Балаларға құлыншақтардың маскаларын кигізу. "Құлыншақ". Құлын, құлын, құлыншақ, Желкілдейді тұлымшақ. Маңдайында жұлдызы, Құйрығында құндызы. М. Жаманбалинов.	Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?" Мақсаты. Балаларға қошақанның су ішкен кездегі қылықтары жөнінде ұғымдарды игерту; педагогтің сөздерін тыңдап, жануардың су ішу қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Балаларға қошақан маскаларын кигізу, ойыншық ыдыстарды ұсыну. "Қой қалай ішеді?" Бас алмастан сіміріп, Демде қанып алады. Томпаң-томпаң жүгіріп, Өріске ұзап барады. - Себебі не сондағы? - Адал, момын болғаны. С. Боранбаев	Ойын-имитация (қимыл жаттығуы) "Қошақан". Мақсаты. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Құралдар: қошақанның суреті немесе ойыншығы. - Қошақан, тентек екенсің, Тынымсыз, ерке екенсің, Ауладан қашып далаға, Секіріп-секіріп кетерсің. Тұра тұр, тоқта! Тұяғыңмен соқпа! Д. Ахметова	Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?" Мақсаты. Балаларға ешкінің су ішкен кездегі қылықтары жөнінде ұғымдарды игерту; педагогтің сөздерін тыңдап, жануардың су ішу қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Балаларға лақтың маскаларын кигізу, табақша ойыншық ыдыстарын ұсыну. "Ешкі қалай ішеді?" - Қойларменен таласып, иықтасып ішеді. - Себебі не сондағы? - Ұшып-қонба болғаны. С. Боранбаев
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға, өз киімдерін тануға, сөреден алып беруге, атауға, киіну рәсіміне қатысуға, киімін шешіп, орнына апаруға үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	- Қошақан болып көрейік, Аяңдап, бірге жүрейік. Секіріп-секіріп алайық, Жайлауға жеңіл барайық. Д. Ахметова	Ойын-имитация. "Құлыншақ". "Құлыншақ". Құлын, құлын, құлыншақ, Желкілдейді тұлымшақ. Маңдайында жұлдызы, Құйрығында құндызы. М. Жаманбалинов.	Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?" "Қой қалай ішеді?" - Бас алмастан сіміріп, Демде қанып алады. Томпаң-томпаң жүгіріп, Өріске ұзап барады. - Себебі не сондағы? - Адал, момын болғаны. С. Боранбаев	Ойын-имитация (қимыл жаттығуы) "Қошақан". - Қошақан, тентек екенсің, Тынымсыз, ерке екенсің, Ауладан қашып далаға, Секіріп-секіріп кетерсің. Тұра тұр, тоқта! Тұяғыңмен соқпа! Д. Ахметова	Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?" "Ешкі қалай ішеді?" - Қойларменен таласып, иықтасып ішеді. - Себебі не сондағы? - Ұшып-қонба болғаны. С. Боранбаев
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Баланы қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларымен таныстырудың маңызы", "Баланың сұрақтарына, қажеттеріне құлақ асу қажет пе?", "Баланың мінезіндегі жаңа қылықтары нені білдіреді?"				